

Бекітемін:

ЖШС «Балым» мектепке
дейінгі шағын орталық
меңгерушісі

А. Корабаева



ЖШС «Балым» мектепке дейінгі шағын орталық

ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСТЕР

2024-2025 оқу жылының

№1 Әдістемелік кеңес хаттамасы

Қатысқандар: 8

03.09.2024ж.

Күн тәртібінде:

1. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен таныстыру, талқылау. 2024-2025 оқу жылындағы әдістемелік кабинеттің жұмысын талдау.
2. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасымен таныстыру
3. Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізуді ұйымдастыру.
4. Педагогтердің өзіндік білім көтеру тақырыптары мен мақсат-міндеттерін айқындау.
5. Әртүрлі мәселелер

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе 2024-2025 жж Әдістемелік нұсқау хатпен танысу және өзгерістерді қарастыру бойынша сөз кезегін әдіскер А.М.Корабаева алды.

-Саламатсыздар ма, құрметті әріптестер. Әдістемелік кеңес отырысымызға қош келдіңіздер. Күн тәртібіндегі бірінші мәселеге тоқталайық. «2024-2025 оқу жылындағы әдістемелік нұсқау хатпен танысу, әдістемелік кабинеттің жұмысын талдау». 2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат қолданыстағы заңнама нормаларын сақтау, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын, Үлгілік оқу жоспарларын, Үлгілік оқу бағдарламасын іске асыруға бірыңғай тәсілдерді қалыптастыру мақсатында әзірленді.

Әдістемелік нұсқау хатта:

-тәрбиелеу білім беру процесін реттейтін негізгі нормативтік құжаттарды қолдану

-тәрбиелеу білім беру процесін ұйымдастыру

-балаларға қазақ тілін үйрету

-вариативтік білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру

-экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру

-мерекелік шараларды ұйымдастыру

-мектепалды даярлықты ұйымдастыру.

Осы оқу жалының ерекшеліктері: жаңа оқу жылына ҚР заңнамасына Мемлекет басшысының 2023-2029 жылдарға арналған жаңартылған

тұжырымдамасының негізгі ережелеріне сәйкесмынадай бағыттар өзектендірілді:

- балалармен, ата-аналармен және айналасындағылармен қарым-қатынас жасауда педагогикалық әдеп нормаларын қатан сақтаузорлық-зомбылық, булингтің болдырмау;

- МДҰ-ға кезектілік пен жалдама беруді есепке алудың Бірыңғай базасы арқылы іске асырылады;

- ата-аналарға консультациялық пунктердің қызметін кеңейту;

- ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру, қазақ тілін меңгеруге ынталандыру;

- педагогтердің біліктілікті арттыру

- МДҰ мен ата-аналар қауымдастығының ықпалдастығын нығайту, «Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі» дамыту

- жаңа жүйе бойынша МДҰ педагогтерін аттестаттаудан өткізу

Нұсқаулық хатты оқып берді.

Биылғы 2024-2025 оқу жылындағы әдістемелік кабинеттің жоспарына келіп тоқталсам, жылына екі рет әдістемелік отырыс жоспарлануда. Сонымен қатар, әдістемелік көмек көрсету мақсатында мынадай тақырыптар қарастырылады. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы, Педагогтың мәдениеті, Педагогикалық әдеп, «Қызметкерлер арасындағы қарым қатынас». Яғни, тәрбиеші бойындағы эстетикалық талғамды, адамгершілік пен сезімталдылықты, шыдамдылық пен бауырмалдылықты, дамыту жайында, Педагогикалық әдеп туралы түсінік беру отырып, әртүрлі педагогикалық ситуациялардан шығу жолын табу жайында сөз қозғаймыз. Әдістемелік кабинетте жас мамандарға әдістемелік кеңестер беріледі және жылда үш рет жүргізілетін мониторинг жайында, Республикалық немесе облыстық басылымдарға мақала жариялау мақсатында әдістемелік көмек көрсетіледі, т.б.,- деп толық тоқталып өтті.

2.Тыңдалды: Екінші мәселе «Біртұтас тәрбие» бағдарламасымен таныстыру сөз кезегін А.Корабаева алды. «Біртұтас тәрбие» жайында айтар болсам, бағдарламаның мақсаты: қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарлама мазмұны: Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері:

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі:

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;

Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;

Қаңтар – заң және тәртіп айы;

Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;

Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы болып бөлінеді де, барлық қазақи құндылықтарды, салт-дәстүрлерді жоспарға қосу арқылы қазақи тәрбиеге, құндылықтарға тәрбиелеу.

Сонымен қатар, балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру мақсатында «Өнегелі 15 минут» әңгімелесу процесін бақылау және апталық циклограммаға міндетті түрде қосу керек. Ал, таң азанда - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционалды қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру, шығармашылық дағдыларды қалыптастыру қабылдау барысында және үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын арттыру мақсатында «Күй күмбірі», күй музыкаларын қосу міндеттелген,- деп толық айтып өтті.

3.Тыңдалды: Үшінші мәселе «Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізуді ұйымдастыру» тақырыбы бойынша сөз кезегін А. Корабаева алды.

- Биылғы оқу жылының қыркүйек айында жүргізілетін мониторинг былтырғы жылдың мониторингінен айырмашылық мүлдем жоқ. Білім басқармасынан келген хатына сәйкес мониторинг уақытылы өткізіліп, қорытындысы жіберілуі қажат. Сіздерге қысқаша мониторингті өткізудің мақсаты жайында айтып өтейін.

Мектепке дейінгі білім беруде сапалы қызметтің қамтамасыз етуде мектепке дейінгі жастағы балалардың біліктері мен дағдыларын дамуын мониторинг арқылы байқаймыз. Баланың күтілетін нәтижелерге жетуі педагогтың баланың дамуын үнемі бақылауы яғни диагностика арқылы іске асырылады. Мониторинг баланың біліктері мен дағдыларының даму динамикасын оның түзетуді қажет ететін ерекшеліктерін ашуға, өзара әрекет ету тәсілдерін өзгертуге, педагог тарапынан қамқорлық пен көңіл бөлуді ықпал ететін арнайы ұйымдастырылған, жүйелі бақылау ретінде қарастырылады. Мониторинг баланың түрлі кезеңдегі біліктері мен дағдыларының даму динамикасын анықтауға, педагогтың алдағы іс-әрекетін жоспарлауға, мектеп жасына дейінгі баланың жеке дамуына қажетті жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік береді, -деп толық тоқталып өтті.

4. Тыңдалды: Кеңестің төртінші мәселесі «Педагогтердің өзіндік білім көтеру тақырыптары мен мақсат-міндеттерін айқындау» бойынша айтар болсам, барлық тәрбиешілер өзіндік білімін көтеру мақсатында жыл бойында жұмыс жасайтын тақырыптарын ұсынды. Ондағы мақсаты, міндеттері мен атқарылатын жұмыстары толығымен жазылды.

Балалар – біздің болашағымыз, егемен еліміздің ертеңі. Осы келешек ұрпақтың ойы озық, білімі терең, тәлім-тәрбиесі жоғары болуы үшін мемлекетіміз ерекше көңіл бөлуде. Балабақшадағы тәрбие – барлық тәрбиенің бастамасы. Тәрбиеші балаларды адам мәдениетінің әлеміне, күрделі және алуан түрлі қарым-қатынастардың әлеміне ертетін үлкендердің бірі. Қазақстан Республикасы «Білім» туралы Заңының 51 бабының 5- тармағында «Мұғалім өзінің педагогикалық шеберлігі, парасаттылығын, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін үнемі жетілдіріп отыруға міндетті,»-делінген.

ПЕДАГОГТЕРДІҢ ӨЗ БІЛІМІН ЖЕТІЛДІРУІ

	Педагогтің аты-жөні	Тақырыбы
	Рискаева Н.	Педагогикалық әдеп
	Асабаева Д.	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуда баланы ойын арқылы дамыту
	Джакипова К	Балаларға ертегі арқылы тәрбие беру
	Алимова Ж.	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуда баланы ойын арқылы дамыту
	Мустапаева С.	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуда баланы ойын арқылы дамыту

5.Тыңдалды: Бесінші мәселе «Жас мамандарға көрсетілетін кеңестің жоспарымен таныстыру» бойынша сөз кезегін әдіскер А.Корабаева алды.

- 2024-2025 оқу жылына арнап жазған жылдық жоспарда жас мамандарға мынадай тақырыпта кеңестер дайындалында.

1. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасымен тәрбиешілер мен педагогтарды таныстыру

2. Салт-дәстүрдің бала тәрбиесіндегі рөлі» пікір-талас

Бұл үш тақырыпта жүргізілетін жұмыстар кеңес түрінде, пікір-талас және сұрақ-жауап түрінде өткізіледі. Сонымен қатар жас мамандарды жыл бойына өтетін тәжірибе алмасу сабақтарына қатыстырып, әртүрлі тақырыптарда кеңестер беріледі.

6) Әртүрлі мәселелер бойынша әдіскерге сұрақтар қойылды.

- Биылғы оқу жылында Өрлеу БАҰО курстар болады ма? Және олардың төлем ақылары қанша,- деп Асабаева Д.К. сұрақ қойды.

- Әрине, Өрлеудің курстар болып жатыр. Биылғы оқу жылында оқуы керек тәрбиешілерді тізімге қосып, Өрлеу БАҰО бастығы Л.Искакованың атынан сұраныс жібереміз. Төлем ақысы және болатын күнін анықтап, хабарын беремін,- деп әдіскер А.Корабаева жауап берді.

- Басқа сұрақтарын болмаса осымен әдістемелік кеңесімізді аяқтап, шешім шығарайық.

Шешім:

1.«Біртұтас тәрбие» бағдарламасымен таныстырылып, жұмыстар жасалсын;

2. 2024-2025 оқу жылындағы әдістемелік кабинеттің жұмысын талданып, жұмыстар жасалсын;

3. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатымен таныстыру, талқыланып, негізге ала отырып, жұмыстар жасалынсын;

3. Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізілсін;

4. Педагогтердің өзіндік білім көтеру тақырыптары мен мақсат-міндеттерін айқындап, жұмыстар жалғастырылсын;

5. Әртүрлі мәселелер бойынша жұмыстар жасалсын.

Әдіскер

А.М. Корабаева



ЖШС «Балым» мектепке дейінгі шағын орталығы №2 Әдістемелік кеңес хаттамасы

Қатысқандар: 7

25.11.2024ж.

Күн тәртібінде:

1. Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыруға қойылатын талаптар (әдіскер)
2. Серуен кезіндегі қозғалыс әрекетін ұйымдастыру (әдіскер)
3. Коучинг: Қызметкерлер арасындағы қарым қатынас (педагог-психолог)
4. Семинар «Ұлттық ойын-ұлттық құндылықтар мен дәстүр сабақтастығы» -әдіскер
А.Корабаева баяндамасы

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері А.Корабаева сөйледі. Оқыту мен тәрбиелеудің тиімділігін арттыру мақсатында балалардың дамуына ыңғайлы, қауіпсіз және эстетикалық жағынан тартымды орта құрудың маңыздылығы талқыланды.

Дамытушы ортаға қойылған талаптар:

Қауіпсіз; қолжетімді; таңдауы көп; мазмұнды; көп функциялы; өзгермелі; тартымды. Ортаның әртүрлі жастағы балаларға сәйкес болуы және олардың шығармашылық дамуына ықпал етуі керектігі айтылды.

Сонымен қатар, заттық-кеңістік дамытушы ортаны қалыптастыру барысында, барлық топтарды ойыншықтар мен ойын құралдарын ер бала мен қыз баланың ерекшеліктеріне сәйкес толықтырып отыру қажет деп сөзін аяқтады.

Тәрбиеленушілердың қабілеттерін дамыту үшін қажетті жағдайлар мен құралдарды тиімді орналастыруға арналған нақты ұсыныстар бекітілді.

Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскер А. Корабаева жалғастырды. Серуен кезінде балалардың физикалық белсенділігін арттыруға бағытталған әртүрлі әдіс-тәсілдер қарастырылды. Қозғалыс әрекетін ұйымдастыру барысында қауіпсіздік шаралары мен санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуы басты назарға алыну қажет. Серуен кезінде дене шынықтыру және көп қимылды ойындарын енгізу ұсынылды. Сонымен қатар, ауа райының өзгерістеріне сәйкес серуен уақытын икемді жоспарлау керек деген пікір айтылды.

Тыңдалды: Коучинг “Қызметкерлер арасындағы қарым-қатынас”

Қызметкерлер арасындағы тиімді коммуникация мен ынтымақтастықтың маңызы талқыланды. Әріптестер арасындағы оң қарым-қатынасты орнату үшін командалық жұмыс, тыңдай білу, және пікір алмасудың тиімді жолдары қарастырылды.

Қызметкерлердің арасында ашық және адал қарым-қатынас орнатуға арналған тренингтер мен коучинг өткізу педагог психологқа ұсынылды.

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша «Ұлттық ойын-ұлттық құндылықтар мен дәстүр сабақтастығы» сөз кезегін балабақша әдіскері А. Корабаева алып баяндамасын оқыды.

-Қазақ халқының ұлттық ойындары ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, халқымыздың мәдениеті мен тарихының ажырамас бөлігіне айналған құндылықтар болып табылады. Ұлттық ойындар тек ойын-сауық құралдары ғана емес, олар біздің ата-бабаларымыздың өмір салтын, дәстүрлерін, ұлттық бірегейлігін көрсететін айна болып табылады. Бұл ойындар мен дәстүрлердің сабақтастығы әрдайым халықтың рухани байлығын сақтап, ұрпаққа жеткізуге қызмет етеді. Ұлттық ойындардың мәні мен маңызы. Ұлттық ойындар халқымыздың өмірімен тығыз байланысты. Олар тек көңіл көтеру ғана емес, адамның денсаулығын, ақыл-ойын дамытуға, көшпелі тұрмыстың ерекшеліктерін ескере отырып, өмірдің түрлі аспектілеріне үйретуге бағытталған. Мысалы, көкпар, аударыспак, бәйге сияқты ойындар қазақ халқының ер жігіттерінің батылдығын, ептілігін, жылқы шаруашылығына деген сүйіспеншілігін білдіреді.

Асық ату, қыз қуу, соқыр теке сияқты ойындар болса, балалардың ерік-жігерін, тапқырлығын, жылдамдығын арттыруға көмектескен. Сонымен қатар, қазақтың ұлттық ойындары балалар мен жастарға патриотизмді, елін, жерін сүюді, тарихи сананы қалыптастыруға әсер етеді.

Ұлттық құндылықтар мен дәстүр сабақтастығы

Ұлттық ойындар мен дәстүрлердің сабақтастығы ұрпақтан-ұрпаққа беріле отырып, әрдайым жаңа ғасырдың талаптарына бейімделіп отырған. Қазақ халқының ойындарында ізгілік, адалдық, тәртіп, достық, құрмет сынды маңызды қасиеттер әрдайым сақталып келген. Осы қасиеттер ойындар арқылы балаларға үйретіліп, жас ұрпақтың санасына сіңіріледі.

Әрбір ойынның ішінде қазақтың ұлттық дәстүрлері мен дүниетанымының айқын көрінісі бар. Мысалы, қыз қуу ойыны тек ойын ғана емес, ол қазақ қоғамындағы махаббаттың, сыйластықтың, дәстүрдің және әйелге деген құрметтің көрінісі болып табылады. Ал көкпар ойыны - батырлық пен ерліктің, елді қорғаудың символы, ұлы дәстүрлерді дәріптейтін маңызды рәсім. Дем баяндамасын оқып берді. Баяндама қосымша тігілді.

Шешім:

- 1 Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыру жұмыстар жалғассын;
2. Ұлттық ойын челлендж ұйымдастырылсын. Және әр топта серуен кезінде немесе дене шынықтыру іс-әрекетінде жиі қазақ ұлттық ойындар ойнатылсын;
2. Барлық қаралған мәселелер бойынша тиімді жұмыс жүргізу үшін қосымша ұсыныстар мен жоспарлар әзірленді. Кеңес мүшелері қабылданған ұсыныстарды іске асыруға жауапты болып табылады

Әдіскер:

А.М. Корабаева



«Балым» мектепке дейінгі шағын орталық жеке мекемесі

БАЯНДАМА

№2 Әдістемелік кеңес

**Тақырыбы: “Ұлттық ойын - ұлттық құндылықтар мен
дәстүр сабақтастығы”**

Әдіскер: А.М. Корабаева

2024-2025

Құрметті тыңдаушылар!

Қазақ халқының ұлттық ойындары ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, халқымыздың мәдениеті мен тарихының ажырамас бөлігіне айналған құндылықтар болып табылады. Ұлттық ойындар тек ойын-сауық құралдары ғана емес, олар біздің ата-бабаларымыздың өмір салтын, дәстүрлерін, ұлттық бірегейлігін көрсететін айна болып табылады. Бұл ойындар мен дәстүрлердің сабақтастығы әрдайым халықтың рухани байлығын сақтап, ұрпаққа жеткізуге қызмет етеді.

1. Ұлттық ойындардың мәні мен маңызы

Ұлттық ойындар халқымыздың өмірімен тығыз байланысты. Олар тек көңіл көтеру ғана емес, адамның денсаулығын, ақыл-ойын дамытуға, көшпелі тұрмыстың ерекшеліктерін ескере отырып, өмірдің түрлі аспектілеріне үйретуге бағытталған. Мысалы, көкпар, аударыспақ, бәйге сияқты ойындар қазақ халқының ер жігіттерінің батылдығын, ептілігін, жылқы шаруашылығына деген сүйіспеншілігін білдіреді.

Асық ату, қыз қуу, соқыр теке сияқты ойындар болса, балалардың ерік-жігерін, тапқырлығын, жылдамдығын арттыруға көмектескен. Сонымен қатар, қазақтың ұлттық ойындары балалар мен жастарға патриотизмді, елін, жерін сүюді, тарихи сананы қалыптастыруға әсер етеді.

2. Ұлттық құндылықтар мен дәстүр сабақтастығы

Ұлттық ойындар мен дәстүрлердің сабақтастығы ұрпақтан-ұрпаққа беріле отырып, әрдайым жаңа ғасырдың талаптарына бейімделіп отырған. Қазақ халқының ойындарында ізгілік, адалдық, тәртіп, достық, құрмет сынды маңызды қасиеттер әрдайым сақталып келген. Осы қасиеттер ойындар арқылы балаларға үйретіліп, жас ұрпақтың санасына сіңіріледі.

Әрбір ойынның ішінде қазақтың ұлттық дәстүрлері мен дүниетанымының айқын көрінісі бар. Мысалы, қыз қуу ойыны тек ойын ғана емес, ол қазақ қоғамындағы махаббаттың, сыйластықтың, дәстүрдің және әйелге деген құрметтің көрінісі болып табылады. Ал көкпар ойыны - батырлық пен ерліктің, елді қорғаудың символы, ұлы дәстүрлерді дәріптейтін маңызды рәсім.

3. Ұлттық ойындардың тәрбиелік мәні

Ұлттық ойындар – тәрбиенің маңызды бір бөлігі. Ойын барысында балалар ұжымдық жұмыс, әділдік, қайсарлық, батылдық, ептілік, шыдамдылық

секілді қасиеттерді игереді. Әр ойынның өз мақсаты бар және ол адамдардың өмірдегі түрлі жағдайларға дайын болуына ықпал етеді. Мысалы, ақсүйек ойыны арқылы балалар топтасып жұмыс істеуді, зейінді болуды, жылдам шешім қабылдауды үйренеді.

Ұлттық ойындар біздің өткенімізді ұмыттырмай, халқымыздың мәдениетін бүгінгі күнге дейін сақтап отыр. Олар қазақ қоғамының ізгі дәстүрлерінің бірі болып, әрдайым ұрпақтан ұрпаққа мұра ретінде беріледі.

4. Ұлттық ойындарды жаңғырту мен дамыту

Қазіргі уақытта ұлттық ойындардың маңыздылығы артып келеді. Елбасының “Рухани жаңғыру” бағдарламасы аясында ұлттық құндылықтарымызды қайта жаңғырту мақсатында көптеген шаралар қолға алынуда. Ұлттық ойындарды мектептерде, оқу орындарында дәріптеу арқылы жастарды өз халқының мәдениетіне, дәстүріне деген сүйіспеншілігін арттыруға болады.

Бұған қоса, ұлттық ойындар спорт түрлері ретінде де кеңінен танылып, елімізде түрлі жарыстар мен фестивальдер ұйымдастырылып жатыр. Бұл үрдіс жастарды дене шынықтыруға, дұрыс өмір сүруге және қазақ халқының дәстүрлері мен мәдениетін құрметтеуге тәрбиелейді.

Қорытынды

Қазақтың ұлттық ойындары – халқымыздың мәдениетінің маңызды бөлігі, ол біздің дәстүріміздің, тарихымыздың, болмысымыздың бір айнасы болып табылады. Ұлттық ойындар арқылы біз ұрпақтар сабақтастығын сақтап, ұлттық құндылықтарды дәріптей аламыз. Сондықтан да ұлттық ойындар мен дәстүрлерді сақтау және жаңғырту – біз үшін аса маңызды. Біз жастарға осы бай мұраны жеткізіп, оларды ұлттық рухта тәрбиелеу арқылы болашаққа сеніммен қадам басуымыз керек.

Рахмет!